

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
С.Д. АСФЕНДИЯРОВА

KAZAKH NATIONAL MEDICAL UNIVERSITY  
NAMED AFTER S.D. ASFENDIYAROV

# СӨЖ

Тақырыбы:

Арнайы және жоғары мамандандырылған  
медициналық көмек

Орындаған: Базарбай А.Б  
Факультет: Жалпы медицина  
Группа: 001-01  
Курс: 3  
Тексерген: Қожекенова Ж.А

Алматы, 2018 жыл

# Жоспар

## I.Кіріспе

*Арнайы және жоғары мамандандырылған медициналық көмек*

## II.Негізгі бөлім

*Халыққа көрсетілетін медициналық көмек түрлері*

*Кепілденген медициналық көмекке кіретін медициналық көмек түрлері*

*Төтенше жағдайда көрсетілетін медициналық көмек түрлері*

*Халыққа мамандандырылған медициналық көмек көрсету түрлері*

## III.Қорытынды



Мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету «Медициналық көмектің түрлері мен көлемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 796 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 5955 тіркелген) бекітілген түрлер мен көлемдерге сәйкес жүзеге асырылады.



Осы ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- ❖ мамандандырылған медициналық көмек – диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың арнаулы әдістерін талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;
- ❖ жоғары мамандандырылған медициналық көмек (бұдан әрі – ЖММК) – диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың ең жаңа технологияларын пайдалануды талап ететін аурулар кезінде медициналық ұйымдарда бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек.



## Мамандандырылған медициналық көмек көрсету тәртібі

- Мамандандырылған медициналық көмекті бейінді медициналық денсаулық сақтау ұйымдары консультациялық-диагностикалық, стационарды алмастыратын көмек немесе стационарлық медициналық көмек нысанында көрсетеді.
- Мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің кез-келген деңгейінде диагнозды ұқсастандырудағы қиыншылықтар кезінде, сондай-ақ науқас тасымалданбайтын жағдайда қажет болған жағдайда республикалық деңгейдегі консультантты қоса алғанда, қажетті мамандарды тарта отырып, консилиум ұйымдастырылады.
- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен емдеуге жатқызу жағдайларының жоспарланған санының шеңберінде пациенттің медициналық ұйымды еркін таңдауға құқықтарын есепке ала отырып, жүзеге асырылады.



# Мамандандырылған медициналық көмектің түрлері:

- ❖ *терапиялық*
- ❖ *хирургиялық*
- ❖ *педиатриялық*
- ❖ *акушерия-гинекологиялық*

Біздің елімізде әр азамат *кепілденген мөлшерде тегін медициналық көмек* алуға құқығы бар.(КМТМК)

Кепілденген мөлшерде тегін медициналық көмек ҚР азаматтарына және мемлекеттік бюджет қаражатындағы оралмандар көрсетілетін медициналық көмектің түрін,көлемін,медициналық көмек көрсету жағдайын анықтайды. Тегін медициналық көмектің мөлшерін халықтың сұранысын сараптау негізінде ертерек,алдағы қаржы жылында анықтайды.







Кепілденген медициналық көмекке кіретін медициналық көмектің түрлері мыналар:

1) Алғашқы медико-санитариялық көмек

Аса көп таралған ауруларды диагностикалау және емдеу, сол сияқты жарақат, улану немесе басқа да шұғыл жағдайларда; санитарлы-гигиеналық, эпидемияға қарсы шаралар мен аурулардың алдын алу; гигиеналық оқу және халықты тәрбиелеу; отбасын қорғау; аналық, әкелік және балалықты қорғау; халықты қауіпсіз сумен және рационалды тағаммен қамтамасыз ету.

Алғашқы медициналық көмек денсаулық сақтау мемлекеттік ұйымдарымен және мемлекеттік санитарлы эпидемиологиялық қызметпен, үнемі және тегін медициналық көмекпен қамтамасыздандырылады.



## 2)Амбулаторлы-емханалық көмек

Амбулаторлы-емханалық көмекке алғашқы білікті медико-санитариялық және арнайы медициналық көмек азаматтарға госпитализациясыз көрсеткен көмек жатады. Амбулаторлы-емханалық ұйымның қызметі азаматтарға көмек көрсетуде олардың тұрған орындарында қолайлы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету, олардың өз таңдауларына құқылылығын есепке алу мақсатында құрылған.

Көмек учаскелік терапевттермен, педиатрлармен, акушер-гинекологтармен, жасөспірімдер кабинетінің дәрігерімен, жалпы тәжірибе дәрігерлерімен, фельдшермен және акушеркамен, медициналық қызметкерлермен және арнайы мамандармен көрсетіледі. Мамандардың қызметіне денсаулық сақтау өкілетті ұйымдарының бекіткен стандарттарына сай келетін сақтандырушылық, диагностикалық және емшілік қызметтер жатады.

### 3. Стационарды ауыстыратын медициналық көмек

*Стационарды ауыстыратын медициналық көмек — бұл медициналық көмек көрсетудің стационарлық бөлімнің күндізгі (палатада) болуы, емдік жәнесауықтыру қызметтерін көрсететін емхананың күндізгі стационары, денсаулық сақтау ұйымындағы үйдегі стационар*

*Стационарды ауыстыратын бөлімдердің салалары: хирургиялық, акушерлі-гинекологиялық, терапевтік, педиатрлық.*

#### 4. Жедел медициналық көмек

Азаматтарға жедел медициналық көмекті денсаулық сақтау ұйымы, сол сияқты апат жағдайларда, жарақат, улану кездерінде немесе басқа ауру жағдайларында медициналық тәжірибеден өткен жеке тұлғалар шұғыл медициналық көмек көрсете алады. «Шұғыл» медициналық көмек дегенге барлық патологиялық жағдайға жедел, ішкі және сыртқы факторлармен, жағдайының өте ауырлығына қарамастан, тез диагностикалық немесе емдік қызметтерді көрсету жатады.



## 5. Арнайы медициналық көмек

Арнайы мамандандырылған медициналық көмек азаматтарға арнайы диагностика әдісін, емін және ауыр медициналық технологиялық әдістерді пайдалана алу арқылы көмек көрсетеді. Арнайы медициналық көмекті көп салалы денсаулық сақтау ұйымдары, медициналық және дәрігерлік қызметкер лицензиясы бар, амбулаторлы немесе стационарлық ұйымдар қызмет көрсете алады.

## 6. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек

*Жоғары мамандандырылған медициналық көмек – бұл азаматтарға ауру кезінде диагностиканың ең қиын әдістерін қолданғанда немесе емдегенде, сол сияқты медицинаның зажайып технологияларын қолдануымен көрсетілетін медициналық көмек*



## 7. Төтенше жағдайларда көрсетілетін көмек

*Үкімет ТЖ кезінде көрсетілетін медициналық көмек тәртібі мен түрлерін, көлемін бекітті. ТЖ-да халыққа медициналық көмек ТЖ-дың категориясына қарай, сондай – ақ ауқымы мен сипатына және оның медико – санитарлық салдарына қарай көрсетіледі.*



## ЖММК –ті алу үшін қажетті құжаттар тізімі:

- ✓ жеке куәлік;
- ✓ алғашқы медициналық көмектің немесе клиникалық диагнозын көрсеткен медициналық ұйымның жолдамасы;
- ✓ қажетті тексерістердің қорытындысы (жалпы зәрді талдау, жалпы қанды ажырату, кеуде клеткасына флюорография, электрокардиограмма);
- ✓ зертханалық және аспаптық тексерулер нәтижесі немесе операцияалдындағы зерттеудің қорытынды диагнозы.



## Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету тәртібі

- Стационарлық көмек нысанындағы ЖММК жергілікті деңгейдегідей республикалық деңгейдегі медициналық ұйымдарда да көрсетіледі. Консультациялық-диагностикалық көмек нысанындағы ЖММК республикалық деңгейде көрсетіледі.
- Жергілікті деңгейдегі медициналық ұйымдарда стационар жағдайында ЖММК көрсету үшін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымның маманы жолдаманы Емдеуге жатқызу бюросының порталында тіркейді және оны пациентке береді. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымның маманы жергілікті деңгейде жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда республикалық медициналық ұйымға емдеуге жатқызу мәселесін шешу үшін пациенттің құжаттар пакетін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының жоғары мамандандырылған медициналық көмек жөніндегі комиссияға (бұдан әрі - ЖММК комиссия) қарауға жібереді.



- Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін жергілікті деңгейдегі медициналық ұйымдарда емдеудің барлық әдістері бар пайдаланылған стационарлық емдеудегі пациентті емдеуге оң емдік тиімділік болмаған жағдайда, ал республикалық медициналық ұйымдарда диагностика мен емдеудің жоғары технологиялық әдістері қолданылуы мүмкін республикалық медициналық ұйымдарда емдеуші дәрігер бөлімше меңгерушісімен немесе бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесіп, өңірлік комиссияның қарауына стационарлық науқастың медициналық картасынан көшірмені факсимальдық байланыс арқылы жібереді
- ЖММК комиссияның шешімі стационарлық көмек нысанында мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмекті көрсету үшін азаматтарды республикалық медициналық ұйымдарға емдеуге жатқызудың және консультациялық-диагностикалық көмек нысанындағы ЖММК көрсетуге жіберудің негізі болып табылады.



*Қорыта келгенде, бүгінгі таңда ҚР-да халыққа мамандандырылған медициналық қызмет көрсету түрлері дамып, диагностикада кеңінен қолданылуда. Осы медициналық көмектің барлық түрлері халықтың денсаулығының жақсаруына барынша жағдай жасайды.*



# Пайдаланылған әдебиеттер

- ✓ [https://kaz.tengrinews.kz/zakon/kazakstan\\_respublikasyinyin\\_ukmet\\_kazakstan\\_respublikasyinyin\\_premier\\_ministr/densaulyik\\_saktau/id-V1000006711/](https://kaz.tengrinews.kz/zakon/kazakstan_respublikasyinyin_ukmet_kazakstan_respublikasyinyin_premier_ministr/densaulyik_saktau/id-V1000006711/)
- ✓ Бөлешов М.Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау:\ оқулық. Алматы эверо 2012
- ✓ Биғалиева, Р.К Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару:\ оқулық Р.К. Биғалиева – Алматы эверо -2014
- ✓ [www.zan.kz](http://www.zan.kz)

